

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



АНЕУ

Алматы гуманитарлы
- экономикалық университет



«БЕКІТЕМІН»
АГЭУ ректоры
п.ғ.д., профессор
Корвяков В.А.
Хаттама № 10

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА
ТАПСЫРАТЫН ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН АРНАЙЫ ЕМТИХАННЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАРЫ**

Алматы, 2024

Арнайы емтихан жағдаяттарын құрған:


PhD, доцент  Садирбекова Д.К.

Арнайы емтихан жағдаяттары «Педагогика, психология және ӨГП» кафедрасының отырысында қаралды және талқыланды.

Хаттама № 9 « 11 » сәуір 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  Садирбекова Д.К.

Арнайы емтихан жағдаяттары оқу бөлімімен келісілген:

Институт директоры  Нурлихина Г.Б.

Оқу бөлімінің бастығы  Әділтаева Ә.И.

Арнайы емтихан жағдаяттары Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді

Хаттама № 10 « 30 » 05 2024 ж.

Жағдаят №1

Мектептен қайтып келе жатып үнемі сабаққа келмейтін сыныптасыңыздың көлік жуып жүргенін көріп қалдыңыз. Не істейсіз?

Жағдаят №2

Сіздің сыныбыңызда арнайы бағдарламамен оқитын мүмкіндігі шектеулі оқушы оқиды. Ал сыныптастары онымен сөйлеспек түгел оған мән де бермейді. Осы Жағдаятқа қалай әсер етуге болады?. Бұл жағдайда қандай әрекет етер едіңіз?Өз іс-әрекетіңізді негіздеп беріңіз.

Жағдаят №3

Сыныпта оқушылар сенбілікке қатысқысы келмей: «Біз жұрттың қоқысын жинауға міндетті емеспіз», «Ол жер лас» - деп, балалар айкай салуда. Оқушылардың барлығын қалалық сенбілікке қатыстыру үшін мұғалім не істеу керек? Сіз не істер едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді негіздеңіз.

Жағдаят №4

Мұғалім жүйелі түрде жоғары сынып оқушысынан махаббат жайында хат алып отырады. Ол баланың ата-анасын шақыртып болған жағдайды айтып берді. Сіздің ойыңызша мұғалім осы Жағдаятта қандай мінез көрсетуі керек деп ойлайсыз, негіздеңіз. Сіз сол мұғалімнің орнында болғанда не істер едіңіз?

Жағдаят №5

Оқушы мұғалімге: «Басқа балаларға қарағанда маған жақсы көзбен қарағаныңызды қалаймын, өйткені мен бәрінен де жақсы оқимын»- дейді. Мұғалім оқушыға таңқала карап, ол үшін бәрі бірдей екендігін айтты.Сіз осы Жағдаятты қалай шешетін едіңіз (не істер едіңіз? не айтар едіңіз? т.б) Оқушының мұндай өтінішіне мұғалім қалай жауап беруі керек?

Жағдаят №6

7-сынып оқушысы үнемі тәртіп бұзады. Мектеп әкішілігі мен сынып жетекшісі әңгімелескеннен кейін екінші рет қайталамауға уәде береді. Бірақ, есіктен шыға бере баяғысын тағы бастайды. Мұғалім мұндай жағдайда не істеуі керек? Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Жағдаят №7

Әйгерімнің есте сақтау қабілеті өте жақсы дамыған, сондықтан ол кез келген мәтінді , әнді, ақпаратты оңай жаттап алады. Мереке кезінде ол тек өз рөлін ғана емес , басқа да балалардың рөлдеріндегі мәтіндерді жаттап алған. Сол мәтінді қайталап басқаларға өздерін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайға қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Жағдаят №8

Мынадай жағдайды елестетіңіз: Сіз азық- түлік дүкенінде кезекте тұрсыз. Сіздің алдыңызда жасы 6-7жасар бала сауда жасап тұр. Сатушыға келіп саудадан артылған ақшаны (сдача) алды. Сатушының ақшаны дұрыс қайтармағанын сіз байқап қалдыңыз. Сіз бұл Жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай Жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір?

Жағдаят №9

Сіз қоғамдық көлікте келе жатып, қасыңызда отырған жолаушының сөмкесінен бір адамның әмиян алып жатқандығының уәсі болдыңыз. Сіз бұл Жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай Жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір?

Жағдаят №10

Сіздің сыныптастарыңыз жаңадан келген мұғалімнің сабағына саналы түрде кешігіп келді. Сыныптастарыңыз рұқсатсыз кіріп, мұғалімнің ашуына тимекші болды. Мұғалім сәл жымысып, өз орындарына отыруларына рұқсат етті. Оқушылар мұғалімнің мұндай әрекетінен сасып қалды. таң қалды.

Сіз бұл Жағдаятқа қалай әсер ете аласыз? Мұндай Жағдаятта сіз қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір?

Жағдаят №11

Сіз тұрған үйде көрші болып бір-бірімен жақын дос ұл бала мен қыз тұрады. Олардың бір-біріне деген қамқорлығы, достығы айналадағы балалардың қалыңдық пен күйеу жігіт деп мазақтауына себеп болады. Сондықтан олар бір-бірінен алшақтай бастады. Мұндай жағдайда не істер едіңіз?

1. Ештеңе болмағандай кейіп танытасыз.
2. Ешкімге көңіл аудармауға кеңес бересіз.
3. «Мазақтаушылармен» сөйлесесіз.
4. Сіздің жауабыңыз.

Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №12

Кейбір ата-аналар брендтік киімдерге, балаларының сыртқы киіміне көп көңіл бөледі. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Мұндай ата-аналармен және балалармен қандайда бір жұмыс жүргізу қажет пе?

Өз жауабыңды түсіндір.

Жағдаят №13

Серуен кезінде құмда ойнап отырған балалар байқамай Азаматтың күртешесін бүлдіріп алды. Азаматтың қатты көңілі түсіп кетті. Ол балалар әдейі істеді деп ойлады. Ол ыңғайлы сәтін күтіп отырып, балаларға ылғал құмды лақтырып жіберді. Нәтижесінде балалардың барлық киімдері лас болып қалды. Балалардың ызалылығында шек жоқ еді. Ал Азамат олардың кешірім сұрамағандығын алға тартты.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңді түсіндір.

Жағдаят №14

Сегізінші сыныпта оқитын қызға жазылған хат мұғалімнің қолына түседі. Ал ол: «Ромео болғаныңа!» деп, хаттағы грамматикалық қателерді жөндей бастайды. «Ромео» болса сыныптан атып шығып, үш күн бойы сабаққа келмейді. Кәсіби тұрғыдан педагогтың әрекетін бағалаңыз. Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар (не айтар) едіңіз? Неліктен?

Жағдаят №15

Мұғалім оқушының сабақ үстінде ұялы телефонды кітап астына тығып алып, біреумен хат жазысып отырғанын байқайды. Мұғалім ызаланып, телефонды жұлып алады да, оқушының ата-анасын мектепке келуін талап етеді. .

Осы жағдайдағы мұғалімнің мінез- құлығына талдап жасаңыз. Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз? Өз әрекетіңізді түсіндіріңіз?

Жағдаят №16

Мектепке жаңа мұғалім келді . Ол жас, көңілді және жайдары. Сіздің сыныптастарыңыз оны қызыға қарсы алды. Міне бірінші сабақ. Сынып тып-тыныш, кенет « Ку-ка-ре-ку » деген дауыс шықты . Мұғалім балаларға таңдана қарады. «Қораз» дым болды, бірнеше секунд үнсіздіктен кейін сыныптың басқа бұрышынан тағы да «ку-ка-ре-ку» деген дауыс естілді. Сабақ үзілді.

Сіздің ойыңызша, «Қораз» «ку-ка-ре-ку»ламау үшін, сабақ жалғасуы үшін мұғалім не істеуі керек еді? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар (не айтар) едіңіз? Неліктен?

Жағдаят №17

Сіз тұрып жатқан үйде бір кішкентай қыз тұрады делік. Ол басқа балалар ойнап жатқанда скрипкада ұзақ уақыт және құштарланып дайындалатын. Бір күні ол жас музыканттардың конкурсында бірінші орынды жеңіп алғандығын сыныптастарына қуана айтты. Бірақ сыныптастары оның үстінен күліп «оқымысты» деген сөздермен келемеждей бастады. Мұғалім бұл жағдайды назарсыз қалдырды.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №18

Сіздің бірнеше сыныптастарыңыз жастар ансамблінің концертіне бару үшін сабақтан кетіп қалды. Келесі күні сынып жетекшісі келіп, мұны кім бастағынын сұрады. Бірақ ешкім дұрыс жауап бермеді. Мұғалім бүкіл сыныпты жазалады.

Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №19

Жеке әңгімелесу кезінде оқушы сынып жетекшісіне өз сыныптастарының өмірі мен денсаулығына төніп тұрған төтенше жағдайлар туралы құпия ақпаратты жеткізді. Бірақ мұғалім бұған аса көңіл бөлмеді және ешқандай әрекет жасамады. Соның салдарынан сыныптағы бірнеше оқушы зардап шекті.

Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар (не айтар) едіңіз? Неліктен?

Жағдаят №20

Мұғалім өзін келемеждеген хатты жолдан ұстап алды. Астында оқушының аты-жөні жазылған . Осы жағдайдағы мұғалімнің іс-әрекетінг көрсетіңіз?

1. Хатты көрсетіп тұрып жыртып тастайды.
2. Хат иесін жариялап, көркемдік шеберлігі үшін мадақтау.
3. Бұған қалжыңмен қарау
4. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №21

Сыныпта оқушылар шуынан шаршаған мұғалім, ашуланып: "Мектепке не үшін келесіндер осы? Келгеннен кейін бірнәрсе үйреніп кету керек қой" деп, ұрысты.

Оқушылар: "Достарымызбен сөйлесуге келеміз " деп бір дауыспен жауап берді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №22

Төртінші сабаққа таман оқушылар шаршап, қатты сөйлеп, шулай бастады.

Мұғалім сергіту сәтін жасайтындарын айтты, бәрі қуана келісті, алайда бірнеше оқушы мән бермегендей отыра берді.

Мұғалім сұрағанда:

-Неге жаттығу жасамай отырсындар?

Оқушылар

- Біз ешнәрсе жасағымыз келмейді- деп жауап қайтарады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №23

Биология пәнінің мұғалімі 10 сыныпқа сабаққа кірді. Оқушылар "Фототсинтез" тақырыбына дайындалған плакатты керісінше іліп қойды да, мұғалімнің қандай күйде болатынын күтіп отырды.

Мұндай жағдайда ұстаздың әрекеті:

1. Плакатты дұрыстап қойды.
2. Сыныпқа ескерту жасап, кезекші оқушыға дұрыс ілуін талап етті.
3. Қалжыңдай отыра, жымыып плакатты түзеп, сабақты жалғастырады.
4. Сіздің өз жауабыңыз.

Таңдаған жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №24

Ән сабағының мұғалімі мектепте бірінші жыл жұмыс істейді. Ол 4 сыныптың сынып жетекшісі. Осы сыныпта оның сабағы басталды. Ол орындыққа отыра бергенде, кенет бір оқушы орындықты тартып жіберіп, мұғалім құлап қалады.

Осы жағдайда мұғалімнің іс - әрекеті:

1. Оқушыны алаңғасарлығы үшін жазалайды.
2. Оқушыға кешірім сұратады.
3. Қалжың ретінде қабылдайды.
4. Сіздің жауабыңыз.

Өз жауабыңды түсіндір.

Жағдаят №25

Бақылау жұмысы кезінде оқушы дәретханаға сұранады.

Мұғалім:

- Әрине шығып кел, бірақ телефоныңды қалдырып кет,-дейді.

Оқушы:

Жоқ, ата- анам телефоныңды қандай жағдай болмасын тастама деген, кім біледі қандай жағдайлар болатынын, деп жауап береді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №26

Мұғалім оқушыларға "Дәптерлерлеріңді ашып, жазындар..." дейді. Мұғалім бір оқушының жазбай отырғанын көріп:

- Неге жазбай отырсын? - дейді.

Оқушы:

- Жазып не істеймін, мен мұқият тыңдап отырып, есімде сақтап аламын –деді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №27

9 сынып оқушысы мүлдем сабақ оқымай, сәнді киімдерге, биге қызығатын болды. Ол өте ерке, сыныптағы оқушылардың ойымен мүлде санаспайды. Мұғалімдермен үнемі жанжалдасады. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшісінің ол қыздың мінезін түзеуге деген мүмкіндіктері еш жүзеге аспады. Ата –анасы қызының мінезінде еш ауытқушылық жоқ деп, оның мұндай әрекеттеріне мектеп кінәлайды.

Осы жағдайды қалай түзеуге болады? Сіз қандай әрекет жасар едіңіз? лар Өз әрекетіңізді негіздеңіз.

Жағдаят №28

Бірнеше оқушы сабаққа 15 минутқа кешігіп келеді. Мұғалімнің неге кешігіп жүрсіндер? деген сұрағына, оқушы «Асханада болдық» - деп жауап берді. Нәтижесінде мұғалім оқушыларды сабаққа кіргізбеді. Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №29

Сабақта бірнеше оқушы "Теңіздегі шабуыл" ойынын ойнап отырады. Мұғалімнің ескертуіне: "Сіздің сабағыңыз бізге мүлдем қажеті жоқ. Ол бізге өмірде де керек емес"- деп жауап береді. Мұғалім күнделіктеріне ескерту жазып береді. Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят 30

Оқушы өзінің бақылау жұмысына қасындағы дос құрбысынан төмен баға алғанын көріп, жұмысының дұрыс бағаланбады деп деп ойлайды, соған ренжіп, мұғалімнің берген тапсырманы орындамай қабағын түйіп, кітап дәптерлерін партадан итеріп тастап, көзі жасқа толып отыра береді. Бұны көрген мұғалім оқушыға:

- Саған не болды, тапсырманы неге орындамайсың дейді? – Оқушы мұғалімге жауап бермей үндемей отыра берді.

Сіз бұл Жағдаяттан қалай шығар едіңіз. Бұл жағдайда не айтар едіңіз? Не істер едіңіз? Неліктен?

Жағдаят 31

10 сынып оқушысы химия бөлмесіндегі шыны колбаны сындырып алады, сабаққа кірген бойда мұғалім колбанын сынғанын көріп, оқушының күнделігіне ата-анасы колбаның ақшасын төлесін деп жазып жібереді. Оқушының ата-анасы ақша төлеуден бас тартады. Сіз бұл Жағдаятта не істер едіңіз. Өз жауабыңыз. Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят 32

7-ші сынып оқушылары сенбілікте мектептің ауласын тазалап жүрді. Үзіліз кезінде сыныптағы Айдар: Мен жата тұрайын үйде мұндай шаруа істемеймін, болды шаршадым дейді. Айдардан кейін оқушылардың барлығы жұмыс жасаудан бас тартады. Мұғалім оқушылардан жұмысты аяқтауды сұрайды.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят.№33

Сыныпта топтық жұмыс болып жатыр, топтық жұмысты әрдайым белсені бір оқушы басқарады. Басқа оқушыларда топтық жұмысты басқарғысы келеді, бірақ белсенді оқушы оларды келемеждеп, кедергі жасап, оларға мүмкіндік бермейді.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №34

Жас мұғалім алтыншы сынып оқушыларна алғаш сабаққа кіргенде сынып оқушылары парта үстінде тұрып сәлемдеседі. Бұл жағдай бірнеше минутқа созылады.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №35

Сіз сынып жетекшісі болып естелетін сыныптағы бір оқушы мектеп бітіру кешіне бармайтынын айтады. Бұл оның отбасы жағдайына байланысты екенін сіз білесіз.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №36

Сіз мұғалімсіз. Үзіліс кезінде сыныптағы бір оқушы келіп сізге сыныптастары туралы мәлімет айтады: анау көп әңгіме айтады, анау көп сөз тасиды, бірін-бірі қалай мазақтайтындығын айтты.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №37

Сіз мұғалімсіз. Сіз тақтаға тапсырма жазғанда бір сөзден қате жібересіз, сыныптағы бір оқушы соны байқап қалып, даусын қатты шығарып айтады, оқушылардың барлығы көреді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №38

Сіз 9-шы сыныптың сынып жетекшісі болып тағайындалдыңыз. Сынып оқушылары өз сыныбындағы бір оқушыға қарсылық жариялады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №39

Сіз-мұғалімсіз. Сіздің көзіңізше бір оқушы сізбен әріптес оқытушының ұнамайтыны туралы айтады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №40

Сізге 10 сынып оқушысының ата-аналары шағыммен келді, себебі сіздің жартыжылдыққа оқушыға қойған бағаңыз көңілдерінен шықпайды. Олар бағаның әділ қойылмағанын айтып, оған сізді кінәлайды

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №41

Сіздің сыныбыңызда екі сынып белсенділері бар, біреуі жақсы, екіншісі теріс мінезді. Сыныптың көп бөлігі теріс мінезді баланың ығында жүріп сонымен араласады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №42

Тоғызыншы сыныптың бір оқушысы мектепке ашық киініп, қатты боянып, әшекей тағып келді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?).Неліктен?

Жағдаят №43

Жаңа тақырып түсіндіру үстіндесіз. Кенет сіздің сөзіңізге сынып оқушылары мысқылдап күле бастады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №44

Сіздің сабағыңыз ылғи бірінші сабақ болып өтеді.

Сабаққа үнемі бір оқушы кешігіп келеді. Себебін ұйықтап қалыппын деп жауап береді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №45

Сіз сабақ түсіндіру үстіндесіз. Бір оқушы тақырыпқа байланысты бір сұрақ қояды. Бірақ сіз ол сұрақтың жауабын білмейсіз.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №46

Сіз сынып жетекшілік атқарып жүрген сыныбыңыздағы оқушылардың тұрмыстық жағдайлары әр түрлі, сынып ішіндегі жағдайы жақсы балалар жағдайы төмен оқушыларды төмендететінін байқадыңыз.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №47

Мұғалім оқушыдан : "Менің айтқанымды неге тыңдамай отырсың?", деп сұрағанда,

Оқушы:

"Сіз маған ұнамайсыз" деп жауап береді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №48

Сабақ аяқталып, оқушылар үйлеріне жинала бастады. Рома мен Лизаның шкафтары жақын орналасқан, бір – бірімен айқайласып, бір – біріне бөгет жасауда.

Осы жағдайды шешу үшін мұғалім орындықтарын жылжытып қояды, бірақ сонда да олар жанжалдаса берді.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Ромаға ер баланың қызға орын беру керек екенін түсіндірем.
2. Нағыз ер балалар осылай жасайтынын айтамын
3. Лизаға жанжалдаспай басқа орынға ауысуын сураймын
4. Егер балалар жиі жанжалдасатын болса екеуінің орындарын ауыстыруын ұсынам.
5. Сіздің әрекетіңіз
Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №49

Сіздің сыныбыңызда мүмкіндігі шектеулі оқушы оқиды, сынып оқушылары онымен араласпай, сырт айналып кетеді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №50

Шет тілі сабағы мұғалім басқа топқа сабақ беруде. Оқушылар мұғалімді мүлде тыңдамайды: қатты сөйлеп, ұрсысып, хат лақтырып, мұғалімге дөрекі сөйлеуде, мұғалімге ауыр тиетін сөздер айтуда.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №51

5 сыныпта Шет тілі сабағы жүріп жатыр. Мұғалім қол көтерген балаға кітаптағы мәтінді оқуын сұрайды. Бұл оқушы тұтығып сөйлейтін бала еді, ол қобалжыған сайын одан әрі тұтыға түседі. Сыныптағылардың біреуі төмен қарап мысқылдап, бір оқушы ашық келемеждеп күле бастайды. Ал оқушы қиын сөздерді ары қарай қорқа оқи береді.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №52

Таня 3 балалы отбасында тәрбиеленуде. Анасы оларды жалғыз тәрбиелеп отыр. Таня өз заттарына дәптер, кітаптарына өте ұқыпты қарайды... Бірде сыныптасы Петя өз дәптерінің таза парақтарын жұлып, ұшақ жасап жатқанын көрді.

- Неге дәптердің парағын жұлып жатырсың, ол ақша тұрады ғой?! – дейді Таня
- Менде парақ көп, маған бәрібір, қаласам әкем тағы алып береді- деді Петя

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №53

Топтағы бір баланы балалар есімімен емес ұлтымен атайды. Бала үнемі жылап, балабақшаға келгісі келмейді. Тәрбиеші балаларға бұл қылықтары дұрыс емес екенін түсіндіреді. Бірақ балалар тәрбиешіге білдіртпей мазактауларын жалғастыра береді.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №54

Максат даярлық тобында, тәрбиешісі баланы мақтап тұрады, бірақ анасы үнемі баласына көңілі толмайды. Бала берілген тапсырмаларды баяу орындайды. Анасы оны жалқау деп санайды. Орындаған жұмыстарын үнемі қайта жасатып, түзетіп отырады. Максат анасына "Жасай алмаймын, қолымнан келмейді, одан да ойнайын"- деп жауап береді. Анасы алаңдап: "Қанша ойын ойнауға болады? Мүмкін оны мақтау керек шығар? Бірақ не үшін?"

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №55

Ваня 5 жаста балабақшаға жаңа костюммен келді. Костюм сыртында, түймесінде де жұлдызшалар бар екен. Түймелері балаларға қатты ұнайды.

Біраз уақыттан кейін тәрбиеші костюмінде бірде-бір түймесі қалмағанын көреді.

- Түймелерің қайда?- деп сұрады
- Мен балаларға сыйладым,-деп жауап береді Ваня
- Бұлай жасауға болмайды ғой, анаң ұрсатын болды?

- Жоқ анам ашуланбайды, себебі ол үнемі "Сараң болуға болмайтынын айтады"- деп сенімді жауап берді Ваня.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №56

9 сынып оқушысы сыныпта мұғаліммен әңгімелесіп отырып, оған: «Маған басқа оқушыларға қарағанда басқаша қарым-қатынас жасауыңызды қалаймын», - дейді.

Осы жағдайдағы мұғалімнің іс- әрекеті :

1.«Мен неге басқа оқушыларға қарағанда саған басқаша қарым-қатынас жасауым керек?»

2.«Мен жақсы көру, бөліп алу деген ойындарды ойнағым келмейді!»

3.«Маған сен сияқты арызданушы адамдар ұнамайды».

4.« Мен неге сені басқа оқушылардан ерекше бөліп қарауым керек, соны білгім келеді?»

5.« Егер мен сені басқа оқушылардан гөрі ерекше көрем десем сен өзінді жақсы сезінетін бе едің?»

6. «Қалай ойлайсың, мен шын мәнінде саған қарым-қатынасым қалай?»

7. Өз жауабың

Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №57

Сыныптағы бір оқушы сыныптасын ұнатпайды, онымен бірге жұмыс жасағысы келмейтінін ашық айтады.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

1. «Онда тұрған не бар?».

2. «Бірге жасауға тұра келеді, амал жоқ».

3. «Бұл сенің тарапыңнан ақымақтық».

4. «Осы жағдайдан кейін ол да сенімен жұмыс жасағысы келмейді».

5. «Сенікі дұрыс емес деп ойлаймын».

6. Сіздің өз жауабыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №58

Анасы баласына жаңа аяқ киім (кеды) сатып алып береді. Бірақ біраз күннен кейін бала үйге аяқ киімсіз келді. "Жаңасын алу керек дейді ол анасына "

- Менің аяқ киіміммен балалар үзілісте футбол ойнап, қайда тастағанын білмеймін, барлығымыз іздедік бірақ таппадық, - дейді.

Анасы баласын осы үшін жазалайды.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №59

Бала қиын отбасында тәрбиеленуде: Баланы әжесі жалғыз өсіріп жатыр, әкесі жоқ, ал анасы маскүнем. Бірінші сыныпқа бала оқуға деген зор ынтамен келді, бірақ мұғалім оған дұрыс көзқараспен қарамады. Егер сыныпта бір жағдай болса үнемі сол кінәлі болды. 3 сыныпқа келгенде оған "қиын бала" деген ат берілді.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №60

15 жастағы ұл бала жалғыз анасының тәрбиесінде өсті. Отбасы шағын ауылда тұратын. Соңғы жарты жылдықта ұл баланың сабағы күрт төмендеп кетті, кей кезде сабаққа да бармайтын, тіпті кешкісін үйге қонбайтын болған.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз

Жағдаят №61

Отбасында екі бала тәрбиеленуде. біреуі 14 те болса, екіншісі 8 де. Әкесі жанұясында көп ішеді. Ішіп келіп балаларына дөрекі сөйлеп, аналарын ұрады. Үйдің үлкені қыз бала отбасындағы жағдайды мұғаліміне айтады. Мұғалім оқушысының айтқаның әлеуметтік педагогқа айтып, қыз баланың отбасы жайлы бүкіл мектеп мұғалімдері біледі. Қыз бала сол жағдайдан кейін мектепке баруды қысқартады.

Сіз бұл жағдайда не істер едіңіз, Жағдаяттан қалай шығасыз?. Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №62

10 жастағы бала мектепке әрдайым дене жаракатымен келеді. Педагог сұрағына, анасы :бұл жастағы балалар әр дайым әр нәрсеге ұрынып жүреді сол себептен деп жауап береді. Педагог сұрақты қайта қойғанда анасы бұл менің өз өмірім ешкім араласа алмайды дейді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №63

Орта буын сыныптарындағы оқушылардың тәртіптерінің нашарлауы (үзілістегі қыз балалардың төбелесуі, сабақ үстінде әңгімелесіп отырулары) олардың үлгерімдеріне қатты әсер ете бастады. Сынып жетекшілері бірнеше сыныптағы балаладың мінез құлқындағы өзгерістерді әлеуметтік педагогқа баяндады.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №64

Педагогтың: «Мен сенің әжетханада темекі шеккеніңді көрдім» деген сұрағына

Оқушы: «Сабақ үстінде емес қой. Негізінде әжетхана мектептің іші емес. Біз ол жерде не істесек те өзіміз білеміз», - деп жауап қайтарды.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №65

Қатты шыққан дыбыстан айқайдан шаршаған педагог оқушылырға :Сіздер мектепке неге үшін келесіздер? Мектепке сіздер бірдеме білу үшін келмейсіздер ме?-дейді. Оқушылар:-Біз–бірімізбен әңгімелесу үшін келеміз деп жауап берді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №66

Педагог ұялы телефон қолынан түспейтін оқушыға: Ұялы телефонды дыбыссыз режимге қойыңыз не болмаса өшіріңіз дейді. Оқушы болса – мен олай жасай алмаймын,

себебі мен ватсапта отырмын. Мен ешқашан телефонсыз жүре алмаймын, ұйықтасамда телефонмен бірге ұйықтаймын дейді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №67

Жартыжылдық қорытынды бақылау жұмысы кезінде оқушы әжетханаға сұранады. Мұғалім рұқсат берді - тек телефонды тастап кетуін талап етті. Оқушы жок тастамаймын анам айтқан телефонды тастама деп, себебі қазір әртүрлі жағдайлар болып жатыр деген дейді.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №68

Сіз 9-шы сыныптың жетекшісісіз. Сіз бір апта оқушыларды бақыладыңыз, бұл оқушылармен жұмыс жасау қиын екенін білдіңіз. Олар жеке-жеке топ болып бөлініп алған, сынып жетекшісін елемейді де. Педагог сабақ аяқталғаннан кейін оқушыларды мектеп өмірін қалай қызықты және көңілді өткізуге болатыны жайындағы жиналысқа келулерін сұрайды. Жиналысқа сабақтан кейін тек жуас, сабақта тыныш отыратын оқушылар ғана келді. Бұл педагогты ашуландырды, өте ыңғайсыз жағдайға қалдырды.

Бұл Жағдаятқа қалай әсер етуге болады? Сіз мұндай жағдайда қандай іс-әрекет жасар едіңіз? Өз іс-әрекетіңізді түсіндіріңіз.

Жағдаят №69

Сіз мұғалімсіз. Сабақ кезінде сабақ жақсы оқитын оқушының қызына жолдаған хаты сіздің қолыңызға тиеді. Байқаусызда сіз хатты ашып қаласыз және ішіндегі бозбаланың сыныптас қызға жазғанын оқып қаласыз.

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №70

Мұғалім: "Сенде екілік баға көп және сабақтан көп қалғансың. Тоқсанның аяғыда таяп қалды. Сабаққа қатысып, оқуды қашан қолға аласың?"

Оқушы: "Бас қатырудың қажеті қанша? Бәрібір жылдық бағаға өздеріңіз үшін 3 қойып бересіздер. Мектепке артта қалған оқушылар керек емес қой"

Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз? (қандай әрекет жасап, не айтар едіңіз?). Неліктен?

Жағдаят №71

Сіз қоғамдық көлікте досыңыз Серезаның автобус орындығында отырғанын, ал әжесі қасында тұрғанын байқадыңыз? Сіздің әрекетіңіз?

1. Ары қарап, байқамағандай боламын.
2. Ол өздерінің мәселесі. Өздері шешсін.
3. Байқатпай әжесіне орын беру керек екенін білдіртем.
4. Қасына жақындап «Қандай тәрбие көргенсің? Қасында әжең тұр, ал сен отырсын», - деп айтам.
5. Сіздің осы жағдайға жауабыңыз.
Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Жағдаят №72

Екі ата-ана балалары жайында әңгімелесіп отыр. Біреуі мақтана қызына әкесі екеуі компьютер сыйлағанын айтты. Ал екіншісі оның дұрыс емес екенін айтты: "Бекер алып бердіңдер, енді компьютер алдында сағаттап отыратын болады, көруі нашарлайды, өмірге бейімделмеген, жан жақты болмайды", - деп кесіп айтты.

Сұраққа жауап таңдаңыз:

1. Қазір компьютерсіз жүру мүмкін емес.
2. Компьютер ол ақпарат көзі.
3. Компьютер баланың денсаулығына зиян.
4. Компьютер бала психологиясына әсер етуі мүмкін.
5. Компьютер дұрыс пайдаланса өте пайдалы құрал.
6. Сіздің шешіміңіз

Компьютердің пайдасы мен зияны туралы өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №73

Сіздің сыныптасыңыз сынып бөлмесін тазалаудан бас тартты. Ол фортепианада ойнауды үйреніп жүргенін, саусақтарын құртып алуы мүмкін екенін айтты. Осы жағдайдағы сіздің іс-әрекетіңіз:

1. Қандай амалмен болса да оны қатыстырам.
 2. Қолына швабра беріп еденді жууға күштеп көндірем.
 3. "Сен басқалардан артық емессің. Неге қалғандары сен үшін істеу керек", - деп айтам.
 4. Қолына шүберек беріп, жай ғана жеңіл сұртуін сұраймын.
 5. Сіздің шешіміңіз.
- Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №74

Сұлтанды балабақшадан алуға бүгін анасы келді. Ол анасына қуанышпен "Ана, ал біз бүгін құс жасадық!"

Анасы: Неге сенің киімің су деп сұрады?

Сұлтан: Тәрбиеші менің жақсы жасағанымды айтты.

Анасы: "Қанша айтам саған – киіміңді және қолбағыңды жылытқышқа жайып қой деп"

Сұлтан: Үйге барып тағыда осындай құс жасап көремін!

Анасы: Енді осы су киіміңмен барасың.

Сұлтан үндеместен киіне бастады.

Анасының қателігі неде?

Осы жағдайға қалай ықпал етуге болады.

Өз жауабыңызды негіздеңіз

Жағдаят №75

Сіздің сыныптасыңыз біреудің телефонын ұрлап алды. Сіз ұрлықтың куәгері болдыңыз.

1. Көрмегендей кейіп танытам. Себебі, ол менен мықты, білсе соңы қиын болуы мүмкін.
 2. Ересектерге (мектеп директорына, мұғалімге) хабар берем.
 3. Сыныптасымның ата - анасына айтамын.
 4. Осы жағдайды сынып талқысына салам.
 5. Сыныптасыммен сөйлесіп, оның қылығының дұрыс емес екенін түсіндіріп, көшірім сұрай отыра телефонды иесіне қайтарып беруін сұраймын.
 6. Басқа шешім.
- Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №76

Сізге шет елден оқу орнына түсуге үлкен конкурс шеңберінде, жазбаша емтихан тапсыру керек. Сіздің қолыңызға ойламаған жерден емтихан жауаптары түсті.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Өз білімімді пайдаланып, алдын ала дайындалам.
2. Достарыма емтихан жауаптары туралы хабарлаймын.
3. Емтиханға қатысатын барлық талапкерлерге берем.
4. Ол жауаптарды мүлдем пайдаланбаймын.
5. Сіздің шешіміңіз.

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №77

Кешкі уақытта сіз бұзақылардың әйел адамға шабуыл жасап жатқанын байқадың. Қолыңда кездейсоқ ауыр зат бар (мысалы балға)

Сіздің осы жағдайғы іс – әрекетіңіз:

1. Байқатпай өтіп кетем.
2. Бұзақыларды ақылға шақырамын.
3. Күш көрсетем.
4. Балғаны пайдаланам
5. Сіздің шешіміңіз.

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №78

Сіз – сынып жетекшісіз. Ата-аналар сыныпқа соңғы үлгідегі компьютер сыйлап, оқу жылының аяқталғанын атап өтуді ұсынды.

Осы жағдайда сіздің іс әрекетіңіз:

1. Сыйлықты қабылдап, шақыруға келісем.
2. Сыйлықтан бас тартып, бірақ шақыруды қабыл алам.
3. Бәрінен бас тартып, ата – аналармен әңгіме өткізем.
4. Шақырудан бас тартам, бірақ сыйлықты қабыл алам.
5. Сіздің шешіміңіз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №79

Жасы егделеу кондуктор жолаушының ақшасын алып жатып, сізге жақындау жерге 1000 теңгені түсіріп алды.

Сіздің осы жағдайдағы әрекеңіз:

1. Ол өзінің ақшасы өзі көтерсін.
2. Кондуктор өзі түсірді, өзі алсын.
3. Әрине, көтерем
4. Басқа біреу көтергенін күтем.
5. Сіздің жауабыңыз.

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №80

Сіз автобуста келе жатырсыз, кенет ол бұзылып қалды. Сіз кешігіп тұрсыз. Автобустан шығып такси ұстадыңыз. Қасыңызда сіздің құрдасыңыз сіз жүрген бағытқа бара жатыр, бірақ оның ақшасы жоқ.

Не істер едіңіз?

1. Ол оның өз мәселесі.
2. Естімегендей өтіп кетем.

3. Қасымнан бір бағытта баратын адам іздеп көрем, жол ақысын аз төлеу үшін , егер шықса ала кетем.

4. Басқа жауап.

Өзіңіз таңдаған жауапты негіздеп беріңіз.

Жағдаят №81

Автобус аялдамасының орындығында жатқан адамның жанынан көңіл бөлмей ондаған адамдар өтіп жатыр.

Сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз?

1. Менде бармаймын.

2. Қасына барып, бұл адамның жағдайын білемін.

3. Бармаймын, бірақ жедел жәрдем шақырамын.

4. Полицияға хабарласамын.

5. Басқа шешімін табамын.

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №82

Ата-анаңыз үйде жоқ кезде сіз өзіңіздің сыныптас достарыңызды үйге шақырдыңыз. Кешке үйде ақша жоғалғандығы анықталады. Сіз өзіңіздің ақша алмағаныңызды білесіз. Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Ата - анаңызға үйде қонақта сыныптас достарың болғанын және нақты кім екенін айтасың.

2. Үндемейсіз, бірақ кейін өзіңіз ақшаны кім алғанын анықтайсыз.

3. Сынып жиналысында сыныптастарыңызды айыптайсыз.

4. Өз жауабыңыз.

Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №83

Сіздің сыныбыңызда математика мұғалімі сабақ барысында үнемі дауыс көтереді, балағаттайды, ал кейде артта қалған оқушыларды ұрып та жіберуі мүмкін.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Басқа сыныптастарыңыз сияқты үндемей көз жұма қарайсың.

2. Бұл жайлы сынып жетекшісіне, директорға немесе ата – аналарға айтасыз.

3. Мұғалімнің бұл әрекеттерін ұялы телефонға түсіріп, интернет желісіне саласың.

4. Мұғалімнің әрекетіне қарсы шығып, ескерту айтасың.

5. Өз жауабыңыз

Жауабыңызды негіздеңіз

Жағдаят №84

Көшеде сізге тоғыз жасар кішкентай қыз келіп, жылап анасы оған 500 теңге беріп нанға жұмсағанын, ал дүкенге барар жолда ақшасын жоғалтып алғанын айтады. Қыз сізден оған ақша беруін өтінеді, себебі, анасы анасы оған қатты ұрсатынын айтады.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Бас тартамын, бұл жағдай оған сабақ болып, келесі жолы ақшаға немқұрайлы қарамайтын болады.

2. Баланы аяп, оған ақша беремін.

3. Балаға оның анасына бірге баруды ұсынамын және бұл жағдайды ақылмен шешуге тырысамын.

4. Полицияға телефон шалып, мұндай жағдайда өзімді қалай ұстау керектігі жөнінде ақыл сұраймын.

5. Өз жауабыңыз.

Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №85

Сіз отырған автобусқа 8-10 жасар бала кіріп дауыстап ән айта бастайды, бітірген соң әр отырған жолаушыларға оған әні үшін ақша беруді сұрайды. Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Оған ақша беремін, себебі ол тіленші емес, оны еңбегімен тапты.
 2. Ештеңе бермеймін, мен оған мен үшін концерт ұйымдастыр деген жоқпын.
 3. Баламен сөйлесіп, оның неге мұндай іспен айналысып жүргенін анықтаймын, егер керек болса қолымнан келгенше көмектесемін.
 4. Дереу полицияға хабарласып, мұндай жағдайда не істеу керек екенін сұраймын
 5. Өз жауабыңыз.
- Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №86

Үйге қарай досыңызбен келе жатқан кезде сіз бетімен төмен жерде жатқан кісіні көресіз. Сіздің досыңыз оны бұрын көргенін, мүмкін ол адамның ішкілікке немесе есірткіге құмар екенін айтады.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Ештеңеге араласпай кетіп қалуға тырысамын.
 2. Жерде жатқан адамды кері аударып не болғанын анықтаймын.
 3. Ештеңеге араласпаймын, бірақ, полицияға хабарласып көргенімді айтамын.
 4. Ештеңеге араласпаймын, бірақ, болған жағдайды видеоға түсіріп You Tube-қа саламын.
 5. Өз жауабыңыз.
- Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №87

Сіздің ата – анаңыз пәтерге жоғарғы дәрежедегі интернет желісін қосып, осы қызмет үшін ай сайын 5 мың теңге төлейді. Бірде, сіздің пенсионер көршіңіз сізге интернет желіге қосылу үшін рұқсат сұрайды. Өзінің өтінішін ол балаларының басқа қалада тұратынын, ал интернет олармен сөйлесу үшін қажеттігін айтады. Бірақ олар ай сайын 5 мың төлей алмайтынын айтады.

Сіздің бұл жағдайдағы әрекетіңіз:

1. Пенсионерлерге менің желіммен ақысыз қолдануына рұқсат беремін.
 2. Пенсионерлерге менің желіммен қолдануына рұқсат беремін, егер олар ай сайын маған 1 мың теңге беріп отырса.
 3. Өтініштерін қабылдамаймын.
 4. Өз жауабыңыз.
- Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №88

Үйде мынадай жағдайлар орын алды. Анасы баласына айтады: Сен өз міндеттеріңе жауапкершілікпен қарамайсың, таңғы астан қалған ыдыстарыңды не үшін жумағансың? Баласы жауап берді: сен өзің де әрдайым таңғы астан кейін ыдысыңды жуып жүрмейсің.

Анасы айтады: Мен – бұл мүлде басқа әңгіме. Сенің анаңның онсызда үйде жасайтын жұмыстары көп, сенің ойыңша, сендер сияқты жалқаулардың арттарыңды аз жинаймын ба? Бала қарсы сөз айтты: мен жалқау емеспін.

1. Анасы баласымен сөйлесу барысында қандай қателіктер жіберді?
 2. Мұндай тәрбиенің арты неге әкеліп соқтыруы мүмкін?
- Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №89

Сағат түнгі 11 болды, ал қызы әлі келмеді. Анасы алаңдап, бүкіл құрдастарына, сыныптастарына хабарласты. Қызы ешқайда жоқ болды. Түннің ортасында Сәуле көңілді әрі бақытты күйде үйге оралды.

- Қайда жүрсің? Саған осыншалықты кеш келуге кім рұқсат берді?

Егер сен 11 сыныпта болсаң, есейіп кеттім деп ойлайсың ба? Қайда екенің белгісіз құрып кеткенше, одан да сабақ оқысаң қайтеді! – деп анасы көңілдегісін айтты.

- Ана, неге сонша алаңдайсың, мен Дамирмен оның оқу орнындағы дискотекада болдым,- деп қыз ақталғысы келді.

- Қандай Дамирмен? Әлгімен бе? – деп Сәуленің күнделігінен бозбаланың суретін жұлып алды. – Мен саған ҰБТ-ның алдында қыдыру дегенді көрсетемін! – деп қызына айқайлап, ашу үстінде Дамирдің суретін жыртып тастады.

- Бұған қалай дәтің барды! – деп жерде жатқан сурет қиындыларын жинап жүріп айқайлады. Оларды жинап алып, бөлмесіне жылап кіріп кетті.

Бұл жағдайды талдаңыз және анасы мен қызының әрекеттеріне баға беріңіз.

Жағдаят №90

Сіз үйге қайтатын автобуста, шу шықты, шудың себебі сен – ауыр сөмкесі бар үлкен кісіге орын бермедің. Сол күні кешке жаңа көршілер қонаққа шақырды, бағанағы көліктегі орын бермеген кісі сіздің көршіңіз болып шықты.

Ал үстел үстінде, бағанағы ауыр сөмкесіндегі заттар болып шықты.

Осы жағдайда сен не істер едің:

1. Өз қылығыма кешірім сұраймын
2. Үйге кірмей кетіп қалам
3. Өз жауабыңыз.

Жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №91

Спонсорлар мектеп мерейтойының құрметіне, ең үздік оқушыларға сыйақы ретінде 3 туристік жолдама бөлді.

Қалай және қандай принциптер бойынша сіз үміткерлерді таңдайсыз.

1. Білім алушылар арасында конкурс өткізіп, нәтижесінде жолдама бөліп берем
2. Мектеп жиналысына сынып старосталарын шақырып, өз сыныбындығы оқушылардың оқу үлгеріміне қарай бөліп берем.
3. Сынып жетекшілеріне үміткерлердің тізімін беруін сұраймын.
4. Өз ойыңыз.

Өз ойыңызды талдаңыз.

Жағдаят №92

Сіздің досыңыз сенбілікке қатысудан бас тартуда.

Сіздің іс әрекетіңіз:

1. Ол оның құқығы
2. Қаламаған ісін оған ешкім мәжбүрлеп жасата алмайды
3. "Оның маған керек екенін" айтам
4. Оны райынан қайтаруға тырысам
5. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №93

Сыныптасыңыз,досыңыз, сіздің көзіңізше сыныптас қызды дөрекі сөздермен балағаттады,себебі екеуі есікте соқтығысып қалған.

Осы жағдайда не істер едің:

1. Оның маған қатысы жоқ.
2. Ол қыз өзі кінәлі
3. Досыма олай істегені дұрыс емес екенін түсіндірем
4. Досыммен кейінірек сөйлесем
5. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №94

Жаңа сабақ түсіндіру барысында мұғалім, артқы жақтан бір дыбыс шыққанын байқады. Кім екенін білген ол.....

Өз жауабыңызды таңдаңыз

1. Кедергі жасаған балаға келіп, ескерту жасаймын.
2. Тез арада ата - анасын шақыртам
3. Күнделігіне ескерту жазам
4. Шыдамдылық танытам

Өз ойыңыз. Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №95

Сіз сынып жетекшісіз. Сыныбыңыз химия сабағының өту барысы ұнамайтынын ашық түрде басқа сабақтарда айтып отыр.

Осы жағдайда сіздің іс әрекетіңіз:

1. Мектеп әкімшілігінен мұғалімді ауыстыруын сұраймын
2. Осы жағдайдан шығудың шешімін іздеймін
3. Оқушылардан сабақтың не себепті ұнамайтынын сұраймын
4. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №96

Мектепке жаңа география мұғалімі келді. Сабақ сұрау барысында ол бір оқушыға жауабына төмен баға қояды. Келесі күні сол қыздың сынып жетекшісі келіп: кешегі төмен баға оқу озатына қойылған екен, ата-анасы шағымдану үстінде деп түсіндіреді.

1. Оқушының ата - анасымен сөйлесіп кешірім сұраймын
2. Оқушы алдында кешірім сұраймын
3. Мектеп әкімшілігіне шешімін табуды ұсынам
4. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №97

Лық толы автобусқа кіріп, мынадай жағдайға тап боласыз:

Сіздің сыныптасыңыз өтірік ұйықтап отыр екен, ал қасында үлкен кісі тұр екен.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Дереу оған ескерту жасаймын
2. Мән бермеймін
3. Елдің көзінше оны оятам
4. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №98

Кешке үйге қайтар жолда, сіз өз сыныптасыңыздың қақпаға дәрекі сөздерді жазып жатқанын байқадың.

Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Ескерту жасаймын

2. Бірігіп жазам
 3. Байқамағандай болам
 4. Сіздің ойыңыз
- Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №99

Сіз 1-сынып жетекшісіз. Сынып оқушылары төбелесіп қалды. Осы жағдайда сіздің әрекетіңіз:

1. Ата – аналар жиналысын жасап осы мәселені талқылаймын
2. Сынып жиналысын ашып, бейбіт жолмен шешемін
3. Психологты, инспекторды, сынып жетекшісін шақыртамын.
4. Сіздің ойыңыз

Өз жауабыңызды негіздеңіз.

Жағдаят №100

Мұғалім оқушыларға ұсталған кітап таратуда. Бір оқушы мұғалімге жыртық кітапты үн-түнсіз қайтарып берді.

Сіз бұған қалай жауап бересіз? Осындай жағдайда не істер едіңіз және неге?

Жағдаят №101

Сіздің сыныбыңызда сыныптастар бос уақытты бірге өткізгілері келмейтін, қарым-қатынас жасағылары келмейтін, өздерінің ортасына қоспайтын бірнеше оқушы бар. Бұл немен түсіндіріледі?

1. Оқушылардың жағымсыз келбетімен.
2. Мұғалімнің оларға деген теріс қарым-қатынасымен.
3. Үлгермеушілік және нашар мінез-құлықтарымен.

Сіз тағы қандай себептерді атап айтар едіңіз? Жағдаятты түсіндіріңіз.

Жағдаят №102

Үй жұмысын тексеру үшін дәптер жинап алдыңыз. Бір оқушы дәптеріне сіздің суретіңізді салып мазақ етіп жазып қойған. Не істер едіңіз?

Жағдаят №103

Бір оқушыға мықтап ұрысып алдыңыз. Ал ол үйіне барып апай басымнан ұрды деп арыз айтып, ата - анасын ертіп әкелді. Сіздің әрекетіңіз қандай?

Жағдаят №104

Бір оқушы журналды бүлдіріп тастайды. Сіз әрине мықтап сөгіп алдыңыз. Сізді сол күні кешке қонаққа шақырады, жаңағы оқушы да сол үйге атасымен еріп келген. «Ата, мынау менің апайым, бүгін маған ұрысты» деп есіктен кірер кірместен айқайлап жібереді? Сіз өзіңізді қалай ұстар едіңіз?

Жағдаят №105

Алдыңғы қатарда отыратын оқушының басында бит өріп жүргенін көріп қалсаңыз не істер едіңіз?

Сіз сыртқа шығып кеткен кезде бір бұзық оқушы сөмкеңе бақа салып қояды. Сіз білмей сумқаңызды ашып қалған кездегі жағдай. Не істер едіңіз?

Жағдаят №106

Сізді бір жоғарғы кластың оқушысы ұнатып қалғанын айтып, дос болуға шақырады, не істер едіңіз?

Жағдаят №107

Мұғалім сабаққа кірген кезде, тақтадан өзінің карикатурасын көреді. Балалардың ойынша мұғалім кінәлі оқушыны іздеп, сабақ өткізбейді. Не істеу керек?

Жағдаят №108

Ата-аналар кеңесуге мұғалімге келді. Олардың 13 жасар қызы өте көп оқиды, үлгерімі жақсы, соңғы кезде қыз бен ата-ана арасында кейбір мәселелер туындап жүр. Ескертулерге қыз: - сендер мені жақсы көрмейсіңдер, үйден кетемін, - дейді. Ата-ана бұдан қорқып, қыздың барлық жағдайын жасайды. Ол жиі қайталанып жүр. Ата - анаға кеңес.

Жағдаят №109

«Аманжол үнемі сабаққа ұқыпсыз келеді, шашы өскен, киімі үтіктелмеген, бірақ осы түріне қарамастан үнемі сабаққа дайындалып келуге тырысады. Оқушылар арасында ешқандай достары да жоқ, ешкіммен араласпай өз бетімен жүреді.» Сіздің іс-әрекетіңіз, қандай жұмыс түрлерін жүргізер едіңіз?

Жағдаят №110

«Сіздің сыныбыңыздағы оқушының отбасылық жағдайына байланысты ата-аналарымен қарам - қатынасы өте төмен. Бәлкім сол себептен сіздің оқушыңыз үнемі үйіне бармай мектепте жүреді немесе көшеде қаңғыбастыққа салынады. Араласып жүретін ортасындағы оқушыларда лайықты емес. Ата-анасының тарапынан қажет етпейтіндей қатынас байқалады.» Сіздің іс-әрекетіңіз?

Жағдаят №111

«Сіздің сыныбыңыздағы Айнұр белгісіз жағдайда өзіне-өзі қол көтеріп, «суицидке» бейімділік көрсетті» Сіз осы оқушымен қалай жұмыс жүргізеді, және сіздің осыдан кейінгі атқаратын жұмыстары.

Жағдаят №112

Оқушының оқудағы жетістіктеріне көңілі толмайды, өзінің икемділігінен күмәнданады, оқу материалын түсініп, игеріп алатындығына көзі жетпейді, ол мұғалімге: «Сіз қалай ойлайсыз, мен қашан да болсын сыныптастарымнан қалмай жақсы үлгеріп, оқып кете аламын ба?»-дейді, Сіздің жауабыңыз?

Жағдаят №113

Оқушының оқудағы жетістіктеріне көңілі толмайды, өзінің икемділігінен күмәнданады, оқу материалын түсініп, игеріп алатындығына көзі жетпейді, ол мұғалімге: «Сіз қалай ойлайсыз, мен қашан да болсын сыныптастарымнан қалмай жақсы үлгеріп, оқып кете аламын ба?»

Жағдаят №114

Сіз сабақ берген бірінші күніңізде немесе бірнеше күннен соң оқушы сізге: «Менің ойымша, сіз мұғалім ретінде бізге ештеңе үйрете алмайсыз», деді. Сіз не деп жауап бересіз?

Жағдаят №115

Оқушы оқу үлгеріміне, қабілетіне көңілі толмай және жаңа тақырыпты дұрыстап түсіне алмай мұғалімге: «Мұғалім, мені келешекте жақсы оқып, сыныптағы басқа балалардан озады деп ойлайсыз ба?». Мұғалім не деп жауап беру керек?

Жағдаят №116

Оқушы мұғалімге осы пәнді дұрыс түсіне алмайтындығын айтып: «Мені не алаңдататынын айттым, мұның себебін және не істеу керектігін айтыңызшы». Мұғалім не деу керек.

Сіз ашық оқу іс-әрекетін өткізіп жатырсыз. Кенет ата-ана есікті жұлқи ашып, баланы сабаққа 15 минут кешіктіріп әкелді. Сіздің іс-әрекетіңіз?

Жағдаят №117

Бір оқушыға мықтап ұрсып алдыңыз. Ал ол үйіне барып апай басымнан ұрды деп арыз айтып, ата-анасын ертіп әкелді. Сіздің іс-әрекетіңіз қандай?

Жағдаят №118

Сіз топ тыныштандырып, тапсырмаларды бастап кеттіңіз. Бір уақытта бала ештеңе айтпастан орнынан тұрып, ойыншықтармен ойнай бастайды. Сіздің реакцияңыз?

Жағдаят №119

Отбасы жағдайына байланысты ашулы ата-ана балабақшаға келе сала, сіздің қойған сұрағыңызға дұрыс жауап бермей, атрық сөздер айтып тастайды. Сіздің іс-әрекетіңіз?

Жағдаят №120

Топтағы балалардың арасында өте ерке балалар сізге сабақ өтуге мүмкіндік бермеді. Қасындағы құрбыларына да маза бермеді. Үнемі осы әдет. Не істейсіз? Бұндай жағдай неден туындайды?

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дифференциальная психология. 2018 г. Аплашова, А.Ж., Демиденко, Р.Н.
2. Жас ерекшелік педагогикасы 2017 г. Мусабаева Г.Т.
3. Психологиядағы математикалық өңдеу әдістері (дәрістер жинағы): Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Тұран» Университеті, 2020г. – 58 б. Каримова.Р.Б.
4. Психодиагностика. Пермь 2018 г. Е. С. Игнатова.
5. Психологическое консультирование. Москва.Юрайт.2017 г. Р.С.Немов.
6. Психатрия, медицинская психология. Кнорус.Москва.2017 г. Н.Н.Петрова.
7. Психология менеджмента. Москва, 2019 г. А. В. Карпов.
8. Отбасылық тәрбиенің негіздері. Нұр- Сұлтан, 2019 г. А. Мұратқызы, А.Е.Бекшоина, С.К.Серикова, М.Қ.Төлеуова
9. 1.Қолданбалы психология. Нұр-сұлтан, 2019 г. Иргебаева Н.М.
10. 1.Психодиагностика. Пермь 2018 г. Е. С. Игнатова
11. 1.психологиядағы математикалық өңдеу әдістері. Алматы 2020 г. А.А. Касымжанова, Қ.О. Ахан
12. Коррекционная педагогика с основами нейро-и патопсихологии. Москва, Юрайт, 2019 г. В. М. Астапов
13. Леонова А.Б. Основные подходы к изучению профессионального стресса // Вестник МГУ. 2000 г. № 3. С. 4–19.
14. 1 Турманова Ж.Е: Педагогикалық психология. -2019 г.
15. Педагогическая психология: практикум / Ю. В. Лебедева, И.О. Куваева; М-во науки и высш. образования Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург: Изд-во Урал. Ун-та, 2019 г. — 159 с.
16. Дэвид, Г. Майерс, Жан М. Туэнж. Әлеуметтік психология Астана, 2018 г. – 648б.
17. К.Ж. Каракулов, Б.Л. Махмутов, Ж.Е. Дәулетова Психология управления – Алматы, 2019 г.
18. Рикки У.Г. Менеджмент, Москва-2018 г.
19. Кишибекова Г. К., Дубина И.Н. Риск-менеджмент Алматы 2018 г., 324с
20. Ш.Таубаева. Философия и методология педагогики. Учебник. Алматы. "Қазақ университеті". 2020 г.
21. Р.Джуншеев, Г.Мусабекова. Философия (логикалық-құрылымды кестелер мен сызбалар). Оқу құралы. Нұр-Сұлтан. 2019 г.
22. Ж.Р. Амирова Культура русской речи. Сборник упражнений и заданий. Алматы 2018 г. -120 с.
23. С.М. Иманқұлова Кәсіби бағдарлы қазақ тілі Алматы 2017 г.
24. Х.Ә. Қарабаева. Кәсіби қазақ тілі. Оқулық. Алматы. 2018 ж.
25. Абишева Ж.А., Абишева Э.Д., Рахметова С.Р. Этнопсихология. Алматы, 2019 г.
26. 1.Бейсембаева З., Селкебаева А.Т., Кожамқұлова Н.С. Педагог шеберлігінің негіздер, 2019 г.
27. Муханова Г.Б., Умаргазина Б Семейная педагогика. Алматы, 2019 г.
28. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А. Методология и методы педагогического исследования: учебное пособие – 214 с. 2018 г.
29. Торчинская Е.Е. Роль ценностно-смысловых образований личности при адаптации к хроническому стрессу // Психологический журнал. 2001 г. № 2. С. 28–35.
30. Хартманн Х. Эго-психология и проблема адаптации. Институт общегуманитарных

- исследований, 2002 г. 160 с.
31. Шульц Д., Шульц С. Психология и работа. СПб.: Питер, 2003 г. 560 с.
 32. Г.М.Берекбусунова Жас ерекшелік психологиясы. Алматы, 2018 ж.
 33. М.П.Кабакова,Н.Ферхат. Практически психология (Сборник Кейсов) Алматы -2019 г. -114 с.
 34. Шульц, Дуэйн. Қазіргі психология тарихы ; ауд.: Б. Қ. Ақын, Д. Б. Боранбаев. - 11-басылым. - Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры ; Астана, 2018 г.
 35. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А. Методология и методы педагогического исследования: учебное пособие – 214 с. 2018 г.
 36. Г.А.Касен.М.В.Ким:Педагогическая анимация : г.Алматы учебное пособие – 151 с. 2018 г.
 37. А.Б. Мукашева, А.В.Вишневская. Психолого-педагогическая диагностика уровня готовности социального педагога к работе с одаренными детьми.Алматы, 2019 г.
 38. Педагогическая психология: практикум / Ю. В. Лебедева, И.О. Куваева; М во науки и высш. образования Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург: Изд во Урал. ун та, 2019 г. — 159 с.
 39. Бекмагамбетова, Р.К. Воспитание детей дошкольного возраста в условиях семьи: Учебное пособие / Р.К. Бекмагамбетова.- Алматы: Альманах, 2018 г.- 248с.
 40. Подготовка педагога в вузе : библиографический указатель П44 / сост. Н. Н. Казакова ; отв. ред. В. В. Портнягина ; отв. за вып. А. В. Зюзин. – Саратов, 2018. – Вып. 13 : 2016 – 2017 гг. – 100 с.
 41. Ү.Төлешова. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы. Алматы, -2019 г.
 42. Надырбекова, Э.А., Ахан, Қ.О.Девиантты мінез-құлық психологиясы : Оқу-әдістемелік құрал. . - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020 г.
 43. Подготовка педагога в вузе : ред. В. В. Портнягина ; отв. за вып. А. В. Зюзин. – Саратов, 2018 г.
 44. Турманова Ж.Е: Педагогикалық психология. Қ,-2019 г.
 45. Сейтенова, С.С. Методика обучения грамоте: Учебное пособие / С.С. Сейтенова, Б.К. Васич.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022 г.- 270 с.
 46. Джумадуллаева, Б.Ш. Логические задачи в начальной школе: Учебник / Б.Ш. Джумадуллаева.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2020 г.- 73 с.
 47. Қосанов, Б.М. Педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеудің математикалық әдістері: Оқу құралы / Б.М. Қосанов.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021 ж.- 216 б.
 48. Агафонова, А.И. Образовательная деятельность младшего школьника: Учебник / А.И. Агафонова.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022 г.- 330с.
 49. Нұрадин, Г.Б. Көпмәдениетті білім беру пән ретінде: Оқу-әдістемелік құрал / Г.Б. Нұрадин, Н.Т. Дуйсенова.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2021 г.- 123 б.
 50. Сейтенова, С.С. Кәсіби қазақ тілі., - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына арналған: Оқу құралы / С.С. Сейтенова, Б.А. Рахметова.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2018 ж.- 197 б.
 51. Сейтенова, С.С. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы / С.С. Сейтенова.- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2018 ж.- 273 б.
 52. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие / Г.О. Абдуллаева [и др.]- Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2020.- 323 с.

